

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ГЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН  
ҚАМТЫЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ  
ҮЙЫМДАСТАРЫРУ БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ  
АРНАЛҒАН НУСҚАУЛЫҚТАР**

**ИНСТРУКЦИЯ ДЛЯ КОНСУЛЬТАЦИОННЫХ ПУНКТОВ ПО  
ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ ДЕТЕЙ, КОТОРЫЕ НЕ  
ОХВАЧЕНЫ ДОШКОЛЬНЫМ ВОСПИТАНИЕМ И ОБУЧЕНИЕМ**

2022

*Қазақстан Республикасы Білім және оқыту министрлігі  
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында өзірленген*

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты үйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар – Нұр-Сұлтан, 2022. - 22 б.

**Пікір жазғандар:**

Г.К. Ибрагимова PhD;

Ф.К.Омарбекова менгеруші;

Ф.К.Бурганова әдіскер.

Әдістемелік құралда мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункттерді үйымдастыру бойынша нұсқаулықтар берілген. Ұсынылған материалдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне консультациялық пункттердің жұмысын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Нұсқаулықта консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері айқындалған. Нұсқаулықтар базасында консультациялық пункттер үйымдастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған.

Нұсқаулық ҚР БФМ «Балаларды ерте дамыту институтының» Фылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған\* (2022 жылғы 27 маусымдағы №6 хаттама).

## ТУСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Отбасы институтының адам өміріндегі рөлі бұрыннан зерттеу тақырыбы болған. Отбасындағы тәрбие баланы туғаннан бастап тұлға болып қалыптастыруда зор рөл атқарады. Отбасында баланың жеке тұлғасы қалыптасады.

Қоғам, әлеуметтік институттар отбасы тәрбиесіне ықпал етеді. Отбасында баланың алдында алғаш рет таңғажайып әлемнің есігі ашылады. Отбасындағы тәрбие баланың әлеуметтік ортаны жағымды эмоциялармен немесе таңырқаумен, қатыгездікпен қабылдаудына әсер етеді. Тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Балаға толыққанды тәрбие беру оның жеке тұлға болып қалыптасуының, дамуы мен үйлесімді өсуінің алғышарты болып табылады.

Қазіргі уақытта ата-аналардың білім беру бағдарламалары, баланың жас және психологиялық ерекшелігі, баланың қажеттілігі туралы нақты түсініктері жоқ және ата-аналар тәрбиелеу әдістерін сараптай алмайтындықтан отбасының тәрбиелік әлеуетін тиімді қолдана алмайды. Бұның салдары тәрбиелеу нәтижесінің төмендеуіне әкеледі. Ата-аналардың бала тәрбиесіне мән бермеуі баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етіп, жүйкелік ауытқулардың пайда болуына жол береді. Ата-аналардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы біліктілігінің аздығы бала тәрбиесіне әсер етеді.

Бүгінгі күннің ата-аналары қаншалықты білімді болсада педагогика, психология, физиология және өзге білім салаларынан толық хабардар емес. Кез-келген білімі бар ата-аналарды бала тәрбиесі туралы мәселелер ойландырады. Сондықтан отбасы білім беру қызметі саласында көмекті қажет етеді.

Баланы тек ата-анасы ғана емес, айналасындағы адамдарда тәрбиелеу қажет. Балаларды әлеуметтік ортадан бөліп алып тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан да балалардың белсенді әрекетіне арналған орындар болуы тиіс. Белсенді әрекетке арналған орындардың болуы баланың жан-жақты дамуына әсер етеді.

Ата-аналарға (занды өкілдеріне) әртүрлі ақпарат көздері ұсынатын психологиялық - педагогикалық басылымдар, баспасөз, ғаламтор материалдары, теле-радио бағдарламалары, ғылыми-көпшілікке арналған әдебиеттер, көрнекіліктер жеткілікті. Бірақ бұл ақпарат көздерінде отбасының, баланың ерекшелігін ескеріп, ата-ананың (занды өкілдердің) нақты сұрағына тікелей жауап беру мүмкіндігі жоқ.

Бұл мәселеде мектепке дейінгі ұйымның мамандары құзыретті. Олар ата-анамен тікелей қарым-қатынас жасап, «кері байланыс» орната алады, баланың дамуын бақылайды.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім берудің келесідей нысандары: мектепке дейінгі ұйым жанындағы балалардың қысқа мерзімді болу топтары, баланы үйде тәрбиелеп отырган отбасыларға медициналық-психологиялық-педагогикалық көмек беру орталықтары және т.б табысты дамуда. Пайда болған жаңа нысандар баланың мамандардың білікті көмегін алуға көмек беруге арналған. Сонымен қатар жаңа нысандар балалары балабақшаға баратын отбасыларға да, балалары балабақшаға бармайтын отбасыларға да бағытталған.

Осындаған жаңа нысандардың бірі мектепке дейінгі ұйымның жанында консультациялық пункттер ұйымдастыру болып табылады. Консультациялық

пункттер ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаган ата-аналар үшін, отбасын және тәрбиеленушінің әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында курылады. Консультациялық пункттер балабақшалар үшін жаңалық емес. Консультациялық пункттер балабақша мен отбасы арасындагы өзара әрекеттің дәстүрлі түрлерінің бірі тәрбиешілердің ата-аналарға (занды өкілдерге) жеке және тоptық консультация беру қызметін іске асырады. Мектепке дейінгі үйымның жұмыс тәжірибесінде тәрбиешілер ата-аналардың сұранысы негізінде немесе балалардың даму әрекшеліктерін ескере отырып консультация берे алады. Сонымен кatar балабақшаның басқа мамандары (әдіскер, психолог, логопед, дефектолог және т.б.) ата-аналарға (занды өкілдерге) қандай да бір мәселе бойынша кеңес береді.

Консультациялық пункттер мектепке дейінгі үйымда жұмыс істейтін педагогтермен, психологтармен және басқа мамандармен үнемі сойлесуге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек беруге, сондай-ақ балалардың үйлесімді дамуын қолдауга арналған.

Ата-аналар (занды өкілдер) мен отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар үшін үйымдастырылған консультациялық пункттердің жұмысы мектепке дейінгі үйымдар, әдістемелік орталықтар базасында жүзеге асырылады.

Нұсқаулықтардың мақсаты мектепке дейінгі біліммен қамтылмаган балалардың ата-аналарына көмек корсету..

Бұл нұсқаулықтар базасында консультациялық пункттер үйымдастырылған мектепке дейінгі үйымдардың педагогтеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаган балалардың ата-аналарына арналған.

# **КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР**

## **Жалпы ереже**

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымдардың базасында ұйымдастырылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі.

Консультациялық пункттер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттердің қызметі мектепке дейінгі ұйымы мен баланың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы келісім -шартқа (1 қосымша) сәйкес өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

## **Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері**

Ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

### **Негізгі міндеттері :**

- мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету ;

- ата-аналарға (занды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

- ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;

- мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (занды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету;

-тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

## **Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру**

### **Консультациялық пункттің қызметі шеңберінде:**

- диагностикалық көмек беру - баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау, сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі

бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау, баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар өзірлеу;

- консультациялық көмек беру - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (занды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттары, күйзеліс жағдайларын еноеру туралы хабардар ету;

- әдістемелік көмек беру - ата-аналарды (занды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындастырып отбасылық мәселелердің алдын алуға, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін калыптастыруға, отбасында жағымды қарым-қатынастарды калыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабардар ету; ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен таныстыру.

Консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары: ата-аналардың (занды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультация беруді ұйымдастыру, ата-аналар (занды өкілдер) үшін дәрістер, теориялық және практикалық семинарларды ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру, балабақша мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық зерттеу жүргізуі болып табылады.

Отбасыларға консультация беру жұмысы мамандардың: басшының, әдіскердің, тәрбиешінің, медициналық қызметкердің, психологтың, логопедтің және басқа мамандардың қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

Консультациялық пункттерге жұмысқа тартылған мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның түрімен, оның кадрлық құрамымен айқындалады.

Консультациялық пункттің қызметін тіркеу үшін келесідей құжаттаманы жүргізу қажет:

- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (занды өкілдерінің) өтініштерін есепке алу журналы (2-қосымша);
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі,
- жыл бойы жұмысты талдау.

Консультациялық пункттің жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.

*Консультациялық пункттің басқару және оған басшылық ету*

Консультациялық пунктке тікелей басшылықты мектепке дейінгі ұйымның басшысы жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін айқындайды.

*Консультациялық пункттің педагогикалық процесіне қатысуышылардың құқықтары мен міндеттері*

Консультациялық пункттегі педагогикалық процесінде қатысуышылары балалар, ата-аналар (занды өкілдері), мектепке дейінгі ұйымның педагогтері болып табылады.

**Консультациялық пункттің педагогтері:**

- ата-аналар арасында педагогикалық білімді белсенді тарату;
- балаларды тәрбиелеуде отбасына тәжірибе арқылы көмек көрсету;
- ата-аналарды консультациялық пункттің педагогикалық қызметіне тарту;
- балалармен диагностикалық және түзету жұмыстарын жүргізу.

*Консультациялық пункт педагогтері:*

- жеке-бағдарланған тәсіл негізінде балалармен сабак бағдарламасын өзірлеуге;
- жұмыста қажетті әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарын қолдануға;
- консультациялық пункт жұмыс жоспарын құруға;
- ата-аналарды балалармен жұмыс істеуге белсенді қатысуға тартуға;
- балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеу үшін бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды таңдауға құқығы бар.

**Ата-аналар (занды өкілдер):**

- консультациялық пункт жұмыс тәртібін сақтауға;
- консультациялық пункт педагогтерінің ұсынымдарын орындауға міндettі.

**Ата-аналардың (занды өкілдер):**

- консультациялық пункт жұмысына қатысуға;
- балалардың сабагына қатысуға;
- бала тәрбиесі мен дамуына байланысты қажетті көмек алуға;
- ұсынымдар беруге, консультациялық пункт жұмысы бойынша ұсыныстар жасауға құқығы бар.

№\_\_\_\_\_ мектепке дейінгі ұйымы мен баланың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы

№\_\_\_\_\_ шарт

«\_\_\_\_\_» 20 ж.

мектепке дейінгі ұйымының  
менгерушісі атынан №\_\_\_\_\_ мектепке дейінгі ұйым бір тараптан  
және \_\_\_\_\_ анасы (әкесі, оларды алмастыратын  
тұлға), бұдан әрі «Ата-ана» деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы  
Шартты жасады:

**1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:**

1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық  
пунктіне есепке алу.

1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дene және  
жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған  
деген жеке әдісті жүзеге асыруға, баланың эмоциялық иглігіне қамқорлық  
жасауға.

1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар,  
оку-көрнекі құралдар, ойындарға арналған материалдар).

1.4. Баланың әрекетін жасына, жеке ерекшеліктегіне, Мектепке дейінгі  
тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасының мазмұнына сәйкес  
ұйымдастыру.

1.5. Мамандар қызметін ұсыну

1.6. Бала ауырып калғанда, сондай-ақ ата-анасы (занды өкілі) дәлелді  
 себептермен (ауруы, іссапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған  
жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктінде баланың орнын сақтау.

1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктінде болған кезеңінде бала мүлкінің  
пунктте сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

1.8. Ата-анаға (занды өкілге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның  
дамуындағы ауытқуларды түзетуде білікті көмек көрсету.

1.9. Осы Шартты сақтау.

**2. Ата-ана міндеттенеді:**

2.1. Осы Шартты сақтау.

2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау  
(демалыс, ауру және т.б.).

2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ  
консультациялық пунктімен өзара әрекеттесу, бірлескен іс-шараларға белсенді  
кательсу.

**3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы:**

3.1. Баланың консультациялық пунктте одан әрі болуына кедергі келтіретін  
баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде,  
баланы шығарып жіберуге.

3.2. Ата-анасы (занды өкілі) өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындаған  
жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзімінен бұрын  
бұзуға құқылы.

**4. Атз-ана құхылы:**

4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау.

4.3. Мектепке дейінгі үйым басшысына бұл туралы адын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жакты тәргілден мерзімінен бұрын бұзу.

**5. Шарттың қолданылу талаптары.**

5.1. Шарт оған кол койылған сәтten бастап қолданылады, таралтардың көлісімі бойынша ұзартылуы, езгерілуі, толыктырылуы мүмкін.

5.2. Шартка езгерістер, толыктырулар Шартка косымша түрінде ресімделеді.

**6. Таралтардың жауапкершілігі.**

6.1. Таралтар міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.

7. Шарттың қолданыс мәрзімі \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_ аралығында.

**8. Шартка кол койған таралтар:**

№ МДҰ мекемегүшісі _____ ТАӘ _____	Ата-инициалы (зайы екілдік) ТАӘ _____
М.О.(жолы)	Мекемегүші (жолы)
« ____ » 20 ____ ж.	« ____ » 20 ____ ж.

2 қосымша

**Мамандардың (мектепке дейінгі үйымның атауы) консультациялық пунктіне ата-аналардың (занды оқілдің) отініштерін есепке алу журналы**

№ р/с	Консультация откізу күні, уақыты	Консультация такырыбы	Консультация откізу нысаны	Консультанттың Т.А.Ә., лауазымы	Консультация барысында берілген ұсынымдар